

**Байғанин ауданы әкімінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 1 "Байғанин ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 2025 жылғы 18 ақпандағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 24 ақпанда № 8685-04 болып тіркелді

Байғанин ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин ауданы әкімінің "Байғанин ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3775 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

№ 214 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

"№ 214 сайлау учаскесі

Миялы ауылы, Жем өзені көшесі, № 19, Миялы ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Миялы ауылы және осы елді мекенге қарасты барлық қоныстар."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Байғанин ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин ауданының әкімі*

*А. Купенов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Байғанин аудандық аумақтық  
сайлау комиссиясы*